

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы N 1098 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) 2007 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қаржы полициясы академиясы ғимаратының (мәжіліс залының төбесі) кенеттен құлауын, жылу және су құбыры желілеріндегі апатты жоюға және онда басқа да құрылыс жұмыстарын жүргізуге 89500000 (сексен тоғыз миллион бес жүз мың) т е н г е б ө л і н с і н .

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.24. N 1276 Қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*